

**"Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1341 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 8 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 сәуірде № 20501 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының патент заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1341 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17415 болып тіркеліп, 2018 жылғы 26 қыркүйекте нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2020 жылғы 22 сәуірдегі № 8  
бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2018 жылғы 29 тамыздағы  
№ 1341 бұйрығымен  
бекітілген

**Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары**

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленген және Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуды, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін белгілейді.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюллетень - өнеркәсіптік меншік объектілері мәселелері бойынша мерзімді ресми баспа;

2) Мемлекеттік тізілім - тіркелген өнеркәсіптік меншік объектілерінің тізілімі;

3) патенттік сенім білдірілген өкілдер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғаларға өкілдік етуге құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) ХПЖ - халықаралық патенттік жіктеме;

5) ӨҮХЖ - өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесі;

6) ДЗМҰ - Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы;

7) ИНИД - библиографиялық деректерді сәйкестендіру үшін халықаралық кодтар;

8) емдік дәрі-дәрмектер - адамның ағзасымен байланысқа түсетін немесе оның органдарына және тіндеріне енетін, аурулардың алдын алуға, диагностика жасауға және емдеуге, сондай-ақ ағзаның жағдайы мен функцияларын өзгертуге арналған фармакологиялық белсенді заттар болып саналатын немесе оларды қамтитын құралдар.

9) пестицидтар (улы химикаттар) - химиялық, биологиялық және зиян әрі аса кәуіпті зиян ағзаларға қарсы, сондай-ақ егін жинау алдында кептіруге, жапырақтарды жоюға және өсімдік сұрыптарын реттеуге арналған басқа да заттар;

10) рұқсат беру - емдік дәрі-дәрмекті, пестицидті (улы химикатты) медициналық мақсаттағы бұйымды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу туралы құзырлы орган берген куәлік;

11) құзыретті орган (бұдан әрі - құзыретті орган): емдік дәрі-дәрмекке қатысты - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрі-дәрмектер, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы, медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

пестицидқа (улы химикатқа) қатысты өсімдіктерді қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттілігі шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

12) РСТ шарты - 1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация туралы шарт;

13) Париж конвенциясы - 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау жөніндегі Париж конвенциясы;

14) "электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

15) "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) - электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

16) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның

тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

## **2 тарау. Қазақстан Республикасының Өнертабыстардың, пайдалы модельдердің , өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу**

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) патент беру туралы шешімі негізінде және көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды патент беруге дайындау және жариялау қызметі үшін төлем жасалғанын растайтын құжатты ұсынған жағдайда өнеркәсіптік меншік объектісі бойынша мәліметтер Өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

4. Объектіні тиісті Мемлекеттік тізілімдерде тіркеу кезінде мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) патенттің нөмірі;
- 2) құжат түрінің сөздік белгісі;
- 3) ХПС, ӨҮХС айдары (айдарларының) индексі (индекстері);
- 4) өтінімнің нөмірі мен берілген күні;
- 5) патентті жариялау күні;
- 6) егер өтінім бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтінім берген күннен басымдылықтың неғұрлым ертерек күні белгіленсе, оның негізінде анықталған болса, алғашқы өтінім берілген елдің (ДЗМҰ ST.3 стандартына сәйкес) нөмірі, берген күні және коды (ол бойынша қосымша материалдар түскен күні);
- 7) Патент иеленушінің аты немесе атауы, ДЗМҰ ST.3 стандартына сәйкес патент иеленушінің тұрғылықты елінің (орналасқан елдің қайта басылып шығатын бұрынырақ жарияланған нөмірі);
- 8) РСТ Шартының 23(1) немесе 40 (1)-баптарына сәйкес өтінімнің ұлттық фазаға ауысу күні
- 9) халықаралық өтінімнің қабылдайтын ведомство белгілейтін тіркеу нөмірі және халықаралық беру күні;
- 10) халықаралық өтінімнің халықаралық жариялау нөмірі мен күні;
- 11) автордың (авторлардың) А.Т.Ә, ДЗМҰ ST.3 стандартына сәйкес автордың тұрғылықты елінің (орналасқан елінің) коды (кодтары);
- 12) Патент иеленушінің аты жөні немесе атауы, ДЗМҰ ST.3 стандартына сәйкес патент иеленушінің тұрғылықты елінің (орналасқан елдің) коды (кодтары);
- 13) патенттің атауы;
- 14) бейнесі
- 15) патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл туралы мәліметтер.

### 3-тарау. Қорғау құжатын беру тәртібі

5. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы қорғау құжаттарын беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы қағидалардың 1-қосымшасындағы "Өнеркәсіптік меншік саласындағы қорғау құжаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтінішті көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі стандартта келтірілген.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер (бұдан әрі - банктік реквизиттер) бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және төлем нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда немесе стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жауапты орындаушы

көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған осы қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қарау туралы дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

9. Патент осы қағидалардың 6, 7, 8-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі.

10. Автор куәлігі өтінім берушіге патент беруге арналған өтінімде көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектісінің әрбір авторы үшін, автор куәлігін беруге дайындау бойынша көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлем расталған жағдайда беріледі. Автор куәлігі осы қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Патент өтінім берушіге өтініш берген авторлардың санына қарамастан жалғыз данада беріледі.

11. Егер патент беруге өтінімді Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе орналасқан бірнеше автор бірлесіп берсе, онда патент және авторлар куәліктері Қазақстан Республикасы аумағында тұратын немесе орналасатын бірінші болып көрсетілген патент иеленушісіне тапсырылады немесе пошта арқылы жіберіледі.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Мем қызметтер туралы заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

#### **4-тарау. Телнұсқа беру тәртібі**

13. Патент (автор куәлігі) түпнұсқасы жоғалған немесе жарамсыз болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші олардың телнұсқасын береді.

14. Қорғау құжатының телнұсқасын беруді көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы осы қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтінішхат жолдайды.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі стандартта келтірілген.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

17. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және төлем нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда немесе стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жауапты орындаушы көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған осы қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қарау туралы дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

18. Телнұсқа онда көрсетілген мәліметтердің құрамы бойынша берілген патенттің түпнұсқасына сәйкес келеді, онымен бірдей заңды күші бар және қазақ, орыс тілдерінде "Телнұсқа" деген мөртаңба қойылып, тиісті патент нысаны бойынша беріледі.

Телнұсқа берілген жағдайда телнұсқа беру туралы мәліметтер бюллетеньде жарияланған күннен бастап қорғау құжатының түпнұсқасы заңды күші жоқ деп есептеледі.

19. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

**5-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

20. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

21. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

## **6-тарау. Патентті күшінде ұстап тұру**

22. Патент иеленуші Заңның 11-бабының 15-тармағына сәйкес жыл сайын қорғау құжатын күшінде ұстау үшін өтінім берілген күнге сәйкес келетін күнге ақы төлейді. Көрсетілетін қызметті беруші патент берілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде патент иеленушіге осы қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорғау құжатын күшінде ұстау үшін ақы төленгені туралы хабарлама жібереді.

23. Қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін алғашқы төлем қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде жүргізіледі және өтінім берілген күннен бастап алдындағы жылдар үшін төлемді қамтиды.

Қорғау құжатын күшінде ұстау үшін оның қолданылатын әрбір келесі жылы үшін ақы төлеу қорғау құжаты қолданылатын ағымдағы жыл ішінде жүргізіледі.

24. Қорғау құжатын күшінде ұстау үшін төлем жүргізілгеннен кейін патент иеленуші немесе өкіл көрсетілетін қызметті берушіге төлем құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші төлем туралы құжат болған жағдайда қорғау құжатын келесі жылға күшінде ұстау туралы Мемлекеттік тізілімдерге мәліметтерді енгізеді.

25. Төлем белгіленген мерзімнен кейін жасалған жағдайда, Париж конвенциясының 5 (bis) бабының (1) тармағына сәйкес өнеркәсіптік меншік құқықтарын сақтауға арналған баждарды төлеу үшін, қосымша баж төлем шартымен, мерзім өткен күннен бастап алты айды құрайтын жеңілдетілген мерзім беріледі. Бұл ретте төлемнің көлемі белгіленген бағаларға сәйкес 50 пайызға артады.



## **7-тарау. Өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімдеріне өзгерістерді енгізу**

26. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік тізілімге патенттің берген соң оны құқықтық мәртебесіне қатысты келесі өзгерістері туралы апелляциялық кеңестің, сот органдарының шешімдерімен, уәкілетті органның немесе сараптама жасау ұйымының хабарламаларымен және патент иеленушілердің (олардың құқықтық мирасқорларының немесе өкілдерінің) мәліметтері:

- 1) Мемлекеттік тізілімнің жазбаларындағы қателерді түзету туралы;
- 2) тіркелген құқық беру туралы, тіркелген құқықты ұсыну туралы;
- 3) тіркелген құқықты беруге, тіркелген құқықты ұсынуға қатысты келесі өзгерістер туралы;
  - 4) патентті толық немесе ішінара жарамсыз деп тануға байланысты оның күшін жою туралы;
  - 5) патент иеленушінің өтініші бойынша патенттің қолданылуын тоқтату туралы;
  - 6) белгіленген мерзімде төлем жүргізілмеген кезде патенттің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
  - 7) патент иеленушінің атауына және оның мекенжайына өзгерістер енгізу туралы;
  - 8) патент иеленуші өкілінің өзгеруі туралы;
  - 9) хат алмасу үшін мекенжайдың өзгеруі туралы өтінішхаттары негізінде енгізеді.

27. Өзгерістер патент иеленуші немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкіл тиісті өзгерістер енгізу туралы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш беру жолымен енгізіледі.

Бір патент иеленушіге тиесілі өтінішхатта көрсетілген бірнеше қорғау құжаттары болған кезде осы өзгерістер бір типті болып есептеледі және мұндай жағдайда төлем әрбір кейінгі қорғау құжаты үшін бір үлгідегі өзгерістер енгізу ретінде жүргізіледі.

28. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілінде беріледі.

Өтінішхатқа патент иеленуші немесе сенімхат бойынша әрекет ететін өкіл қол қояды (егер патент иеленушілер бірнеше адамдар тобы болса, өтінішхатқа аталған топқа кіретін барлық адамдар қол қояды).

Өтінішхатқа мыналар қоса беріледі:

- 1) тиісті өзгерісті растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 2) өзгерістерді енгізу үшін төлемді растайтын құжат;
- 3) сенімхат (егер өтінішхатты өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішхатты патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы беретін болса).

Өтінішхат және қоса берілген құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

29. Патент иеленушінің (патент иеленушілердің) атауына заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға байланысты өзгерістер енгізген кезде құқық мирасқоры өтінішхат береді және тиісті өзгерістерді растайтын құжаттар ұсынылады.

30. Авторлар құрамына өзгерістер сот шешімі негізінде енгізіледі. Қорғау құжатында көрсетілген авторды құрамға енгізу немесе құрамнан шығару авторлар құрамының өзгеруі деп танылады.

Авторлар құрамына өзгерістер сот шешімі негізінде еркін нысанда авторлар құрамына тиісті өзгерістер енгізу туралы өтінішхат беру арқылы енгізіледі, онда қорғау құжатының нөмірі, енгізілетін немесе шығарылатын автордың тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), тұратын жерінің мекенжайы, көрсетіледі.

Өтінішхатқа мыналар қоса беріледі:

1) сот шешімінің көшірмесі;

2) өзгерістерді енгізу үшін төлемді растайтын құжат;

3) сенімхат (егер өтінішхатты өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішхатты патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы беретін болса).

Өтінішхат және оған қоса берілетін құжаттар олардың сараптама жасау ұйымына келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

31. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші көрсетілетін қызметті берушінің сұрау салуын жіберген күннен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей қажетті құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда өзгерістер енгізілмейді, бұл туралы өтінішхат берген тұлға хабардар етіледі.

Өзгерістер енгізілген жағдайда тиісті мәліметтер Мемлекеттік тізілімге енгізіледі, бюллетеньде жарияланады (патент иеленушінің мекенжайы, хат алмасу үшін мекенжайдың және өкілдің өзгеруінен басқа), патент иеленушінің атына осы қағидалардың 14, 15 немесе 16-қосымшаларына сәйкес нысанда хабарлама жіберіледі.

## **8 тарау. Қорғау құжаттарының қолданылу мерзімін ұзарту**

### **1. Параграф. Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту**

32. Өнертабысқа патент қызмет берушіге өтінім берілген күннен бастап жиырма жыл бойы қолданылады.

33. Қолдану үшін рұқсат алу қажет емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жататын өнертабысқа қатысты патенттің қолдану мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

34. Мерзім бес жыл шегеріле отырып, өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алынған күнге дейінгі өткен уақытқа ұзартылады.

Егер өнертабыстың формуласында өнертабыс жалпы құрылымдық формуламен сипатталатын композиция, қосынды немесе қосындылар тобы түрінде сипатталатын болса, және өнертабыс сипаттамасынан оны дәрі-дәрмектің, пестицидтің белсенді ингредиенті ретінде қолданылатыны анық болса өнертабыс емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатады.

35. Өтініш осы қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттің қолданылу кезеңінде өнертабысты қолдануға бірінші рұқсат алған күннен бастап алты ай өткенге дейін немесе осы мерзімдердің қайсысы кешірек аяқталатынына байланысты патент беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап беріледі.

Егер бірінші рұқсат 2015 жылғы 7 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуіне дейін берілген жағдайда өтінішхат патент қолданылатын мерзім ішінде, бірақ оның қолданылу мерзімі өткенге дейін екі айдан кешіктірілмей беріледі.

36. Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөнінде өтінішхат беру және іс қағаздарын жүргізу сенімхат бере отырып, патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы жүзеге асырылады.

37. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілінде беріледі.

38. Өтінішхатқа патент иеленуші немесе сенімхат бойынша әрекет ететін өкіл қол қояды (егер патент иеленушілер бірнеше адамдар тобы болса, өтінішхатқа аталған топқа кіретін барлық адамдар қол қояды).

39. Өтінішхатқа мыналар қоса беріледі:

1) қолдануға құзыретті органның өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағында сипатталған өнертабысты емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикаттыққа) жатқызуға мүмкіндік беретін алғашқы рұқсаты алынған емдік дәрі-дәрмек, пестицид (улы химикат) туралы мәліметтерді қамтитын ресми құжаттардың көшірмелері;

2) айрықша құқықты және құқықты куәландыратын патентті қолдану мерзімі сұратылып отырған өнертабысты (өнертабыс формуласының тиісті тәуелсіз тармағын) көрсету, көрсетілген рұқсат өнертабысқа қатысты алғашқы болып табылатынын пайымдау және көрсетілген өнертабысты емдік дәрі-дәрмек, пестицид (улы химикат) өнертабыс формуласының тиісті тәуелсіз тармағында сипатталғанын анықтайтын түсіндірме;

3) өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту және ұзарту туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялау үшін төлемді растайтын құжат;

4) сенімхат (егер өтінішхатты өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішхатты патенттік сенім білдірілген өкіл берсе).

40. Өтінішхат пен оған қоса берілетін құжаттар сараптама жасау ұйымына тікелей беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі.

41. Өтінішхат пен оған қоса берілетін құжаттар сараптама жасау ұйымына келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

42. Өтінішхатты қарау қаралатын патенттің өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағында сипатталған өнертабысты қолдануға рұқсат алынған емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикаттықа) жатқызу мүмкіндігін тексеруді қамтиды.

43. Қосынды (жалпы құрылымдық формуламен сипатталатын қосындылар тобы) түрінде сипатталған өнертабысты қолдануға рұқсат алынған емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатқызу мүмкіндігін тексеру өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағында сипатталған қосындыны рұқсатта көзделген дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) белсенді ингредиентімен салыстыруды қамтиды.

Бұл ретте, өнертабыстың сипаттамасы қосындының оны көрсетілген дәрі-дәрмекте, пестицидте (улы химикатта) пайдалануға мүмкіндік беретін осындай белсенділігі бар екені туралы ақпараттың болуы тексеріледі. Егер қосынды осындай дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) белсенді ингредиенті болып табылса, және өнертабыстың сипаттамасы тиісті ақпаратты қамтитын болса, қаралатын өнертабыс рұқсатта көрсетілген емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатады.

44. Композиция түрінде сипатталған өнертабысты қолдануға рұқсат алынған емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатқызу мүмкіндігін тексеру патенттелген композицияның сипаттамасын және рұқсатта көрсетілген дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) композициясының сипаттамасын (мақсаты, құрамы, өнертабыс формуласында келтірілген немесе композиция құрамынан анықталатын нысан) салыстыруды құрайды.

Егер өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағы рұқсатта көрсетілген дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) сипаттамасын қамтыса, қаралып отырған өнертабыс емдік дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатады.

45. Қосындыны, сондай-ақ қосындыны қамтитын дәрі-дәрмектің, пестицидтің композициясы кіретін өнертабыстар тобына берілген өнертабысқа патенттің қолдану мерзімін ұзарту осы қағидалардың 41-тармағына сәйкес жүзеге асырылады және осы қағидалардың 42 және 43-тармақтарына сәйкес топтың әрбір өнертабысына қатысты жүргізіледі.

46. Осы қағидалардың 38, 40-тармақтарына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салу жіберілген күннен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда патенттің қолданылуы ұзартылмайды, бұл туралы өтініш берген тұлға хабардар етіледі.

Өтініш хат беру шарты сақталған жағдайда патенттің қолданылуы ұзартылады.

47. Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы өнертабыстарының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньнің жақын арадағы басылымында жарияланады. Патенттің қолданылу мерзімін ұзарту

туралы тиісті хабарлама өтінім берушінің мекен жайына осы қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес нысанда жіберіледі.

## **2. Параграф. Пайдалы модельге патентті ұзарту тәртібі**

48. Пайдалы модельге патенттің қолдану мерзімі патент иесінің пайдалы модельге патенттің қолдану мерзімін ұзарту туралы өтініші (бұдан әрі - өтініш) бойынша үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

49. Өтініш осы қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттің күшінде болуы шартымен патент қолданысының бесінші жылы ішінде көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

50. Пайдалы модельге патенттің қолдану мерзімін ұзарту жөнінде өтінішхатты беру және іс-қағаздарды жүргізу үшін патент иеленуші сенімхат бере отырып, патенттік сенім білдірілген өкілге немесе өзге өкілге өкілеттік бере алады.

51. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

52. Өтінішхатқа патент иеленуші немесе сенімхат негізінде әрекет ететін патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл қол қояды (егер патент иеленушілер бірнеше адамдар тобы болса, өтінішхатқа аталған топқа кіретін барлық адамдар қол қояды).

53. Өтінішхатқа мыналар қоса беріледі:

1) пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту және ұзарту туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялау үшін төлемді растайтын құжат;

2) сенімхат (егер өтінішхатты өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішхатты патенттік сенім білдірілген өкіл берсе).

54. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар тікелей көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылады, пошта арқылы немесе кәсіпорынның электрондық мекенжайына жіберіледі.

55. Өтінішхат пен оған қоса берілетін құжаттар сараптама жасау ұйымына келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

56. Өтініш беру шарты сақталған жағдайда пайдалы модельге патенттің қолданылуы өтінішхатта көрсетілген мерзімге ұзартылады, бірақ үш жылдан аспайды.

Пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньнің жақын шығарылымында жарияланады. Патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы тиісті хабарлама осы қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің атына жіберіледі.

57. Осы қағидалардың 51, 53-тармақтарына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салу жіберілген күннен бастап 20 жұмыс

күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттарды ұсынуы қажет . Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда патенттің қолданылуы ұзартылмайды, бұл туралы өтініш берген тұлға хабардар етіледі.

58. Өтінішхат берілген жағдайда төлем белгіленген мерзімнен кейін жасалған жағдайда, Париж конвенциясының 5 (bis) бабының (1) тармағына сәйкес өнеркәсіптік меншік құқықтарын сақтауға арналған баждарды төлеу үшін, қосымша төлем шартымен, мерзім өткен күннен бастап алты айды құрайтын жеңілдетілген мерзім беріледі. Бұл ретте төлемнің көлемі белгіленген бағаларға сәйкес 50 пайызға артады.

### **3. Параграф. Өнеркәсіптік үлгіге патентті ұзарту тәртібі**

59. Өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолдану мерзімі патент иесінің өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолдану мерзімін ұзарту туралы өтініші (бұдан әрі - өтінішхат) бойынша бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

60. Өтініш патенттің он бесінші қолдану мерзімі ішінде, ол күшінде ұсталып тұратын жағдайда, осы қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

61. Өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолдану мерзімін ұзарту жөнінде өтінішхатты беру және іс-қағаздарды жүргізу үшін патент иеленуші сенімхат бере отырып, патенттік сенім білдірілген өкілге немесе өзге өкілге өкілет бере алады.

62. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

63. Өтінішхатқа патент иеленуші немесе сенімхат бойынша әрекет ететін патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл қол қояды (егер патент иеленушілер бірнеше адамдар тобы болса, өтінішхатқа аталған топқа кіретін барлық адамдар қол қояды).

64. Өтінішхатқа мыналар қоса беріледі:

1) өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту үшін төлемді және бюллетеньде ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды растайтын құжат;

2) сенімхат (егер өтінішті өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл берсе).

65. Өтінішхат және оған қоса берілетін құжаттар тікелей көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылады, пошта арқылы немесе кәсіпорынның электрондық мекенжайына жіберіледі.

66. Өтінішхат пен оған қоса берілетін құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

67. Өтініш беру шарты сақталған жағдайда өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылуы өтінішхатта көрсетілген мерзімге ұзартылады, бірақ бес жылдан аспайды.

68. Өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньнің жақын арадағы басылымында жарияланады.

Патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы тиісті хабарлама осы қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің атына жіберіледі.

69. Осы қағидалардың 62, 63, 64-тармақтарына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салу жіберілген күннен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда патенттің қолданылуы ұзартылмайды, бұл туралы өтініш берген тұлға хабардар етіледі.

Төлем белгіленген мерзімнен кейін жасалған жағдайда, Париж конвенциясының 5 (bis) бабының (1) тармағына сәйкес өнеркәсіптік меншік құқықтарын сақтауға арналған баждарды төлеу үшін, қосымша төлем шартымен, мерзім өткен күннен бастап алты айды құрайтын жеңілдетілген мерзім беріледі. Бұл ретте төлемнің көлемі белгіленген бағаларға сәйкес 50 пайызға артады.

## **9 тарау. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату, жарамсыз деп тану және күшін жою тәртібі**

70. Қорғау құжаты сот шешімі негізінде толық немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

Қорғау құжаты ішінара жарамсыз деп танылған жағдайда өнертабыстың қалған қорғауға қабілетті объектісіне, өнертабыстың, пайдалы модельдің немесе өнеркәсіптік үлгінің нұсқасына жаңа патент беріледі.

Толық немесе ішінара жарамсыз деп танылған өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге Патент патентке өтінім берілген күннен бастап жойылады.

Патентті жарамсыз деп тану өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешімнің күшін жоюды және тиісті мемлекеттік тізілімдегі жазбаның күшін жоюды білдіреді.

Көрсетілетін қызметті беруші үш жұмыс күні ішінде жою туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік тізілімге енгізеді және мәліметтерді бюллетеньнің жақын маңдағы шығарылымында жариялайды.

71. Бюллетеньде қорғау құжаты қолданылуының мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап патент иеленуші берген жазбаша түрдегі арыз негізінде (егер патент иеленушілер бірнеше адамдар тобы болса, өтінішхатқа аталған топқа кіретін барлық адамдар қол қояды) мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Көрсетілетін қызметті беруші оған құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізеді және патент иесінің немесе оның өкілінің атына осы қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес тиісті хабарлама жібереді.

62. Көрсетілетін қызметті беруші қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін төлем жасамаған кезде патенттің күші мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы мәліметтерді тиісті Мемлекеттік тізілімге енгізеді және оларды жариялауды жүзеге асырады.

73. Патентті күшінде ұстап тұру үшін жыл сайынғы төлемді жүргізбеген кезде, Патент заңының 11-бабының 15-тармағына сәйкес патенттің қолдану мерзімін ұзарту күшін жояды және патенттің қолданылуы тоқтатылады.

## **10-тарау. Патенттің қолданылуын қалпына келтіру**

74. Патент заңының 30-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында аталған негізде тоқтатылған патенттің қолданылуы, патент иеленушінің өтінішхаты бойынша патентті күшінде ұстап тұру үшін төленетін төлемнің мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде, қалпына келтірілуі мүмкін.

Қалпына келтіру туралы өтінішхатқа патенттің қолданылуын қалпына келтіруге құжаттарды дайындағаны үшін және төлем мерзімі өтіп кеткен қолданылу кезеңінде осы қағидалардың 22-қосымшасына сәйкес нысанда оны күшінде ұстап тұру үшін төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

75. Өтінішхатта патент иеленуші (егер патент иеленуші тұлғалар тобы болып табылса, өтінішке аталған топқа кіретін барлық тұлғалар қол қояды) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды. Заңды тұлғаның атынан өтінішке ұйымның басшысы немесе оның лауазымын көрсете отырып, осыған уәкілеттік берілген өзге тұлға қол қояды

Өтінішхатқа мыналар қоса беріледі:

1) патенттің қолданылуын қалпына келтіру бойынша құжаттарды дайындау және жариялау үшін төлемді растайтын құжат;

2) патенттің қолданылуының өткізіп алған жылын ұстап тұрған үшін төлемді растайтын құжат;

3) сенімхат (егер өтінішхатты өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішхат патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы берілсе).

76. Көрсетілетін қызметті беруші қалпына келтіру туралы өтінішхат берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде патенттің қолданылуын қалпына келтіру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды. Қалпына келтіру туралы мәліметтерді жариялау күні патенттің қолданылуын қалпына келтіру күні болып табылады. Патент иеленушіге немесе оның өкіліне осы қағидалардың 23, 24 немесе 25-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша патенттің қолданылуын қалпына келтіру туралы хабарлама жіберіледі.

Осы қағидалардың 65-тармағына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салу жіберілген күннен бастап



20 жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда патенттің қолданылуы қалпына келтірілмейді, бұл туралы өтінішхат берген тұлға хабардар етіледі.

Өнеркәсіптік меншік  
объектілерін Өнертабыстардың  
мемлекеттік тізілімінде,  
Пайдалы модельдердің  
мемлекеттік тізілімінде,  
Өнеркәсіптік үлгілердің  
мемлекеттік тізілімінде  
тіркеу және қорғау құжаттарын  
және олардың телнұсқаларын  
беру, патенттерді жарамсыз деп  
тану және қолданылуын  
мерзімінен бұрын тоқтату  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

